"Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицей" КММ

«Қамқоршылық» кеңесі отырысының
**ХАТТАМАСЫ № 2**

Мерзімі: 13.11.2023 жыл.
Қатысқаны: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, хатшы.

***КҮН ТӘРТІБІНДЕ:***

- 2023-2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспарын құру, бекіту.
  Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Әбдіқалықова
- Мектептің материалдық- техникалық базасымен танысу. Мектептің әлеуметтік ортамен қарым –қатынасы, оқушыларға қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету үшін атқарылған іс-шаралар есебі
  Мектеп –лицей директоры А. Уразалина
- Мектептің ішкі тәртіп ережелері (мектеп формасы, мектепке алып келуге тыйым салынған заттар)
  Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Конисбаева

**Тыңдалды:**

***Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп- лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Әбдіқалықова қамқоршылық кеңес мүшелерімен таныстырып, 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарды бекітуге ұсынды.***

Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 2023 жылдың 13 қазан күнгі № 369 бұйрығына сәйкес төмендегідей құрамда Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылының қамқоршылық кеңес құрамы төмендегідей құрамда өздеріңіздің өтініштеріңіздің негізінде бекітілді.

1. Тажигутова Динара Максимовна- Облыстық перинаталдық орталық , дәрігер , қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Күзенбай Бекмұрат Сабанбайұлы-«Тарлан Сарбаз» күзет мекемесі, «Халық банк» күзетшісі , қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары
3. Суликанова Акмарал Болатовна - Қалалық оқушылар сарайының ұйымдастыру- көпшілік бөлімінің педагог- ұйымдастырушысы, қамқоршылық кеңес мүшесі
4. Нурпейсова Агерке Алдашукировна –ардагер ұстаз, қамқоршылық кеңес мүшесі
5. Қиынбаева Светлана Куанышовна - «Ақтөбе медиа» ЖШС, жазылу және тарату бөлімінің менеджері, қамқоршылық кеңес мүшесі
6. Табылганов Жандос Махмутович- Ақтөбе облысының жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы ЗТБ (заңды тұлғалалар бірлестігінің) төрағасы , қамқоршылық кеңес мүшесі
7. Абдрахманов Сагат Шаймарданович- Темірбетон бұйымдарының зауыты,оператор, қамқоршылық кеңес мүшесі
8. Алабаева Лариса Магелланқызы- Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, аспазшы көмекшісі, қамқоршылық кеңес мүшесі
9. Бекбосынов Асылхан Сагинтаевич-ата-ана, Ақтөбе облысы ПД ЖПҚБ арнайы тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция капитаны, қамқоршылық кеңес мүшесі
10. Ермекова Жазира Булатовна-ата-ана, кәсіпкер, қамқоршылық кеңес мүшесі

Ақ немесе қара түсті туфли

**Ер балалар**
Ақ түсті көйлек
Сұр түсті жакет
Қара түсті шалбар
Қара түсті туфли

Жоғарыда айтылған мектеп формасы 2014 жылдан бастап келе жатыр. Сондықтан сіздердің назарларыңызға келесі 2024-2025 оқу жылында енгізгіміз келетін мектеп формасының үлгісін көрсеткім келіп тұр. Бұл қазіргі талаптарға сай, заманауи үлгідегі оқушылардың ойынан шығатын мектеп формасы. Біз оқушылармен, ата-аналармен ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізетін боламыз. Егер ата-аналар мен оқушылар таңдайтын болса, қаржы жағынан тиімді болатындай етіп ұсынғымыз келеді.

Мектептің ішкі ережелеріне мектеп формасынан басқа да мәселелер жатады. Нақтырақ тоқталатын болсам,олар

1. Мектеп алаңындағы тәртіп.
2. Мектептен тыс, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі.
3. Сабақ арасындағы үзіліс кезіндегі кезекшілік.

Мектеп оқушыларына тыйым салынады:

- өзімен бірге сабаққа кедергі жасайтын заттарды, басылымдарды, ойын заттарын әкелуге;
- ақша салып ойнайтын ойындар ойнауға;
- бөтен нәрселер әкеліп сатуға, айырбастауға;
- сабақта, үзіліс кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзуға;

4. Оқушылар себепсіз сабақ босатпауы тиіс, босатқан күнде себебін мұғалімге жеткізуі керек.
5. Ауру себепті немесе басқа да себепті жағдайлармен сабақтан қалғанда, оқымай қалған сабақтарын мұғалімнің көмегімен оқып түсінуі қажет.
6. Оқушылар мектептің ішкі- сыртқы тазалығын сақтауға, кезекші оқушылардың талаптарын орындауға міндетті.
7. Каникул күндерінің алдында, соңында оқушылар сабақтан қалмауға, уақытында сабаққа келуге тиісті. Осы Ереже барлық оқушылар үшін бірыңғай міндетті.

**Сөйлеушілер:**

***"Қамқоршылық кеңес" мүшесі А. Суликанова***: бірінші мәселе бойынша барлығымыз тыңдап өттік. Жалпы мен бұрын қамқоршылық кеңес құрамында болған жоқпын. Дегенмен хабарландыруды көргенде қызығушылық танытып, қамқоршылық кеңестің ережесімен толықтай танысып шықтым, жоспарда қарастырылуы тиіс мәселелер тізбектемесін де оқып шықтым. Ұсынылған жоспар талаптарға сай , сондықтан мен қарсы емеспін, бекітуге болады.

***"Қамқоршылық кеңес" мүшесі Л. Алабаева***: мен құрамда бұрыннан болғандықтан ереже, жоспар туралы толықтай білемін. Қарастырылып отырған мәселелер өзекті. Егер тағы да басқа мәселелер туындаған жағдайда, жоспардан тыс отырыста қарастыруға болады деп ойлаймын.

***"Қамқоршылық кеңес" мүшесі Ахажанова С***: Жалпы мектептің ішкі тәртіп ережесі әр білім беру ұйымында әртүрлі болады. Сондықтан жаңадан келген оқушылардың ата-аналарына мектеп әкімшілігі мектепке қабылдар алдында ішкі тәртіп ережесімен таныстырып отырса, түніспеушілік орын алмайды деп ойлаймын.

***Шешім:***

1.Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Мектеп-лицейінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында Қамқоршылық кеңес тарапынан нәтижелі жұмыстар жандандырылсын.

3. Мектептің ішкі тәртіп ережесі қатаң бақылансын.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы: Д. Тажигутова

Хатшы: Ә.Әбілдаева

1. Талап Азамат
2. Нурпейсова Акерке
3. Сулыканова Акмарал
4. Ермекова Назира
5. Тажигутова Д.М.
6. Кузенбая Б.С.
7. Балымаганбетова Г.
8. Ашимбаева С.
9. Абдрахманова З